

«Жамбыл облысы Шахмат Федерациясы» қоғамдық бірлестігінің басшысы А.Утеулиевтің қолдауымен тәрбиеленушілердің ойлау логикасын дамытуға және математика, физика, химия пәндерін игеруге көп септігін тигізетін ең қызықты, танымды ойындардың бірі - «Шахмат» үйірмесіне 20 тәрбиеленуші қатысып, білім алуда.

Сонымен қатар, орталықта ұйымдастырылған іс-шараларға, яғни тәуелсіз ел тарихындағы ең басты мерекенің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Тілдер күні, Отбасы күні балалар арасында ұйымдастырылғанын атап өтті.

Балалардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, ақыл - ой, адамгершілік, имандылыққа тәрбиелеу, сонымен қатар, қараусыз қалған үй жануарларына пана бола білу мақсатында Мамашева Жанна Абдрахмановнаның ұйымдастыруымен балалар иттер мен мысықтарға арналған приюттарға экскурсияға барып келді. Экскурсия барысында балалар атқа мініп серуендеп, «Алабай иттерінің шығу тегімен танысып қайтты. Ұйымдастырушы тарапынан «Менің сүйікті күшігім» тақырыбында сурет байқауы өткізіліп, Князь Орловский мен Власова Диананың суреттері инстаграмм парақшасында үздік деп танылып, балалардың өздері салған суреттері футболка бетіне түсіріліп, сыйлыққа берілді.

Есеп беру кезеңінде (3 квартал) демеушілік көмек туралы Қамқоршы кеңесіне толық есебін көрсетті.

**А.Садыкова:** Айжан Дукенбаевна бүгінгі баяндамаңыздан аз уақыттың ішінде көптеген жұмыстар атқарылғаны көрініп тұр, балаларға барлық жағдай жасалынған. Жанағы өзіңіз айтып өткен балалардың мәселесіне кімнен қандай көмек болады Қамқоршылық кеңестің мүшелері? Өз ойларыңызды айтып өтсеңіздер!

**Б.Тулемисова:** Менің тарапымнан айтарым анасын табу мақсатында Көші –Қон полициясымен бірігіп жұмыс жасау керек шығар. Әрине балаларға бұл орталықта барлық жағдай жасалынған. Алайда, балаланың өз ата-анасымен бірге тұруға құқығы бар. Сол себепті бұл отбасына қолымыздан келгенше, биологиялық әкесінің әкелігін танып, балаларды өз қамқорлығына алуына көмек көрсетуіміз керек.

**А.Кайназарова:** Мен өзімнің атымнан бірінші кезекте Айжан Дукенбаевна мен осы орталықтың қызметкерлеріне алғысымды білдіремін. Әр балаға ата-ананың жылулығын беріп, баланың бойына тәрбие мен білім нәрін құя білген өз мамандығының иелері деп білемін. Қай кезде де келсең балалардың бойындағы қуаныш ұялатқан әдемі бейнесімен тазалығы бірінші кезекте тұрады. Ал, енді ағайынды балалар Гасановтарға келер болсам, қажетті мекемелерге депутаттық сұраныс хаттар жібере отырып, қолымнан келген көмегімді көрсетемін. Өз балаларын қолына алып тәрбие берем деп жүрген ата-ананы қолдауымыз керек. Бұл балалар біздің болашағымыз. Отбасында тәрбие алған